- ▶ Аккумуляторды жаңбырдың, ылғалдың өсерінен қорғаңыз және сұйықтыққа батырманыз.
- ▶ Аккумуляторды металл заттардан алшақ сақтаңыз.
- ▶ Аккумуляторды жоғары қысымға ұшыратпаңыз.
- ▶ Аккумуляторды қысқа толқындардың өсеріне ұшыратпаңыз.
- ▶ Аккумуляторды химикаттар мен тұздардан қорғаңыз.

4.5.3 Қуаттағыш

⚠ Сақтандыру

- Балалар қуаттағыш пен электр тогының қауіптілігін түсінбеуі және оған мән бермеуі мүмкін. Балалар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - ▶ Балаларды жолатпаңыз.
- Қуаттағыш су өткізбейді. Жауын-шашын кезінде немесе ылғал ортада жұмыс жасау электр тогына соғылуға әкеліп соғуы мүмкін. Пайдаланушы айтартылған жарақат алуы мүмкін және қуаттағыштың зақымдалуы мүмкін.
 - ▶ Жаңбырлы күні және ылғалды ортада жұмыс істеменіз.
- Қуаттағыш қоршаған ортаның өсерінен қорғалмаған. Егер қуаттағыш қоршаған ортаның белгіленген өсерлеріне ұшырайтын болса, қуаттағыш тұтануы немесе жарылуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан көлтірілуі мүмкін.
 - ▶ Қуаттағышты жабық әрі құрғақ орынжайда қолданыңыз.
 - ▶ Қуаттағышты жеңіл тұтанатын және жарылу қаупі бар орталарда қолданбау керек.
 - ▶ Қуаттағышты жеңіл тұтанатын бетте пайдаланбаңыз.
 - ▶ +5°C және + 40°C температурасының аумағында қуаттағышты орнатыңыз және сақтаңыз.
- Адамдар біріктіруші сымға сүрініп кетуі мүмкін. Адамдар жарақат алуы, ал қуаттағыш – бұзылуы мүмкін.
 - ▶ Біріктіруші сымды еденге тегіс күйде жатқызыңыз.

4.6 Қауіпсіз күй

4.6.1 Мотоара

Егер келесі шарттар сақталса, мотоара қауіпсіз күйде болады:

- Мотоара зақымдалмаған.
- Мотоара құрғақ және таза.
- Шынжыр ұстап алғыш бұзылмаған.
- Ара шынжырының тежегіші қызмет етеді.
- Пайдалану элементтері жұмыс істеп түр және ешқандай өзгеріске ұшырамады.
- Шынжырды майлауға арналған май қызмет етеді.
- Шынжыр жұлдызышасына тұсу іздері 0,5 мм-ден терен емес.
- Осы пайдалану нұсқаулығында көрсетілген бағыттаушы шина мен ара шынжыры құрамдастырымдарының бірі кіріктірілген.
- Бағыттаушы шина мен ара шынжыры дұрыс орнатылған.
- Ара шынжыры дұрыс тартылған.
- Мотоарада тек қана түпнұсқалы STIHL құрал-жабдықтар орнатылған.
- Құрал-жабдықтар дұрыс орнатылған.
- Май багының қақпағы жабық.

▲ Сақтандыру

■ Қауіпсіз емес күйде толықтырушу бөлшектер дұрыс жұмыс істемеуі және қауіпсіздік қондырғысының күші әрекет етпеуі мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.

- ▶ Зақымдалмаған мотоарамен жұмыс істеніз.
- ▶ Егер мотоара кір немесе ылғалды болса: Мотоараны тазартыңыз және кептіріңіз.
- ▶ Зақымдалмаған шынжыр ұстап алғышпен жұмыс істеніз.

- ▶ Мотоараны өзгертпеніз. Айрықша жағдайлар: Бағыттаушы шина мен ара шынжырының араласымын пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендердің бірін орнату.
- ▶ Егер басқару элементтері жұмыс істемесе: Мотоарамен жұмыс істеменіз.
- ▶ Мотоараға тек қана түпнұсқалы STIHL құрал-жабдықтар орнатыңыз.
- ▶ Бағыттаушы шина мен ара шынжырын осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай қолданыңыз.
- ▶ Құрал-жабдықтарды сипаттамаға сәйкес орнату қажет, ол осы пайдалану нұсқаулығында немесе осындай құрал-жабдықтарға арналған пайдалану нұсқаулығында бар.
- ▶ Заттарды мотоараның тесіктеріне тықпаңыз.
- ▶ Кез келген күмән туындаған жағдайда: STIHL мамандандырылған дилеріне жүгініңіз.

4.6.2 Бағыттаушы шина

Егер келесі шарттар сақталса, бағыттаушы шина қауіпсіз күйде болады:

- Бағыттаушы шина зақымдалмаған.
- Бағыттаушы шина деформацияланбаған.
- Қуыс дәл сол тереңдікте немесе науаның ең аз тереңдігінен тереңірек болуы тиіс,  20.3.
- Қуыс тісінде қылау жоқ.
- Қуыс тарылмаған және үлфаймаған.

▲ Сақтандыру

- Қауіптілік жағдайында бағыттаушы шина ара шынжырын дұрыс бағыттай алмайды. Айналмалы ара шынжыры бағыттаушы шинадан шығып кетуі мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - Зақымдалмаған бағыттаушы шинамен жұмыс істеңіз.
 - Егер қыыс тереңдігі ең аз тереңдіктен төмен болса: Бағыттаушы шинаны ауыстырыңыз.
 - Алта сайын бағыттаушы шинаны қылаудан тазартыңыз.
 - Кез келген күмән туындаған жағдайда: STIHL мамандандырылған дилеріне жүгініңіз.

4.6.3 Ара шынжыры

Егер келесі шарттар сақталса, ара шынжыры қауіпсіз күйде болады:

- Ара шынжыры зақымдалмаған.
- Ара шынжыры дұрыс егелген.
- Араның кескіш тістерін кесу тереңдігі шектегіш биіктігі сервистік таңбаларда көрсетілген.
- Кескіш тістерінің ұзындығы тозу көрсеткіштерінің шегінде орналасқан.

▲ Сақтандыру

- Қауіпсіз емес күйде толықтыруши бөлшектер дұрыс жұмыс істемеуі және қауіпсіздік қондырғысының күші әрекет етпеуі мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - Зақымдалмаған ара шынжырымен жұмыс істеңіз.
 - Ара шынжырын дұрыс қайрау.
 - Кез келген күмән туындаған жағдайда: STIHL мамандандырылған дилеріне жүгініңіз.

4.6.4 Аккумулятор

Егер келесі шарттар сақталса, аккумулятор қауіпсіз күйде болады:

- Аккумулятор бұзылмаған.
- Аккумулятор құрғақ және таза.
- Аккумулятор жұмыс істейді және өзгермейді.

▲ Сақтандыру

- Аккумулятор қауіпті күйде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы мүмкін.
 - Жарамды және жұмыс істейтін аккумулятормен жұмыс істеңіз.
 - Жарамсыз немесе бұзылған аккумуляторды қуаттамаңыз.
 - Егер аккумулятор кір немесе ылғалды болса: Аккумуляторды тазартыңыз және кептіріңіз.
 - Аккумуляторды өзгертпеніз.
 - Заттарды аккумулятор тесіктеріне тықпаңыз.
 - Аккумулятордың электрлік түйіспелерін металл заттармен қоспаңыз және түйіктамаңыз.
 - Аккумуляторды ашпаңыз.
- Бұзылған аккумулятордан сұйықтық жылыстауы мүмкін. Егер сұйықтық теріге немесе көзге тиіп кетсе, тері немесе көз тітіркені мүмкін.
 - Сұйықтықпен жанаспаңыз.
 - Егер теріге тиіп кетсе: Зақымдалған аумақтарды сабындал, судың көп мөлшерімен жуыңыз.
 - Егер көзге тиіп кетсе: Көзіңізді кемінде 15 минут бойы судың көп мөлшерімен шайыңыз және дәрігерге қаралыңыз.

- Бұзылған немесе жарамсыз аккумулятор әдettен тыс ііс шығаруы, тұтіндеуі немесе жануы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
- ▶ Егер аккумулятор әдettен тыс ііс шығарса немесе тұтінде: Аккумуляторды пайдаланбаңыз және оны тұтанатын материалдардан алысырақ ұстаңыз.
- ▶ Егер аккумулятор жанып тұрса: Аккумулятор батареясын өрт сөндіргішпен немесе сумен сөндіруге тырысыңыз.

4.6.5 Қуаттағыш

Егер келесі шарттар сақталса, қуаттағыш қауіпсіз күйде болады:

- Қуаттағыш жарамды.
- Қуаттағыш құрғақ және таза.

▲ Сақтандыру

- Қауіпсіз емес күйде толықтыруши бөлшектер дұрыс жұмыс істемеуі және қауіпсіздік қондырғысының күші әрекет етпеуі мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
- ▶ Жарамды қуаттаағышын қолданыңыз.
- ▶ Егер қуаттағыш кір немесе ылғалды болса: Қуаттағышты тазартыңыз және кептіріңіз.
- ▶ Қуаттағышты өзгертпеніз.
- ▶ Заттарды қуаттағыштың тесіктеріне тықпаңыз.
- ▶ Қуаттағыштың электрлік түйіспелерін металл заттармен қоспаңыз және түйіктамаңыз.
- ▶ Қуаттағышты ашпаңыз.

4.7 Жұмыстар


4.7.1 Арапал кесу

▲ Сақтандыру

- Жұмыс аясының шегінен естілуі шегінде адам болмаса, қажеті болған жағдайда сізге жедел көмек ешкім көрсете алмайды.
- ▶ Жұмыс аясының шегінен тыс адамдардың естілуі шегінде бар болуына көз жеткізіңіз.
- Пайдаланушы белгіленген жағдайларда жұмысқа шоғырлана алмайды. Пайдаланушы мотоараны игере алмай, сүрініп құлап, ауыр жарақттануы мүмкін.
- ▶ Жұмысты байыпты және тиянақты түрде атқарыңыз.
- ▶ Егер жарықтандыру шарттары және көріну дәрежесі нашар болса: Мотоарамен жұмыс істеменіз.
- ▶ Мотоарамен жеке жұмыс істеу.
- ▶ Иық деңгейінен жоғары жерде жұмыс атқармаңыз.
- ▶ Кедергілерге назар аударыңыз.
- ▶ Еденде тұрып жұмыс істеніз және тепе-төндікті сақтаңыз. Егер биіктікте жұмыс істеу керек болса: Көтерілетін жұмыс алаңын немесе қауіпсіз ағаштарды пайдаланыңыз.
- ▶ Шаршағандық белгілері болса: Жұмыс істеуде үзіліс жасаңыз.
- Айналмалы ара шынжыры пайдаланушины жарақтатуы мүмкін. Пайдаланушы ауыр жарақат алуы мүмкін.
- ▶ Айналмалы ара шынжырына жақындауға болмайды.
- ▶ Егер кескіш шынжыр қандай да бір затпен бүфатталған болса: Мотоараны сөндіріңіз, ара шынжырының тежегішін орнатыңыз, аккумуляторды алып шығарыңыз. Осыдан кейін ғана нысанды жойыңыз.
- Айналмалы ара шынжыры ысиды және үлғаяды. Егер ара шынжыры толық майланбаса немесе тартылып кетсе, ара шынжыры бағыттаушы шинадан шығып

кетуі немесе үзіліп кетуі мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан көлтірілуі мүмкін.

- ▶ Ара шынжырына жабысқақ май қолдану.
- ▶ Жұмыс барысында ара шынжырының кернеуін тұрақты тексеріп отыру. Егер ара шынжыры кернеуі тым төмен болса: Ара шынжырын керу.
- Егер мотоара жұмыс істеген кезде өзгерсе немесе әдеттен тыс болса, мотоара қауіпті болуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан көлтірілуі мүмкін.
 - ▶ Жұмысты аяқтағаннан кейін аккумуляторды алып шығарыңыз және STIHL мамандандырылған дилеріне жүгініз.
 - Жұмыс істеген кезде мотоарадан дірілдер туындауды мүмкін.
 - ▶ Қорғап қолданыңыз.
 - ▶ Жұмыс уақытында үзіліс жасаңыз.
 - ▶ Егер қан айналымының бұзылуының белгілері білінсек: Дәрігерге қаралыңыз.
 - Егер ара шынжырының айналмалы шынжыры қатты затқа тисе, үшқын пайдада болуы мүмкін. Үшқындар жеңіл тұтанатын қаупі бар орталарда ертену себебі болуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы және оларға материалдық нұқсан көлтірілуі мүмкін.
 - ▶ Оңай тұтанғыш аймақта жұмыс істеуге болмайды.
 - Қайта қосқыш інтирең босатылған кезде, ара шынжыры қысқа уақыт бойы айнала беретін болады. Жылжымалы кескіш шынжыр кесіп қалу мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы мүмкін.
 - ▶ Ара шынжыры айналуын тоқтатқанша күтініз.



0000-GXX-1245-A0

▲ Сақтандыру

- Егер ағашты тамырынан қатты күшпен кернеу түссе, бағыттаушы шина қысылуы мүмкін. Пайдаланушы мотоараны игере алмай, ауыр жарақаттануы мүмкін.
 - ▶ Алдымен қысымды тараптан (1) жұқа кесікті егуе, кейін созу тарапынан (2) бойлық арамен аралау.

4.7.2 Бұтақтарды аралап кесу

▲ Сақтандыру

- Егер құлаған ағаштың алдымен төменгі жағын кессе, ағаш бұтақтарының кесірінен жерге сүйене алмайды. Жұмыс барысында ағаш жылжып кетуі мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - ▶ Ағаш кесілген кезде, алдымен төменгі жағындағы үлкен бұтақтарын кесу.
 - ▶ Діңгекте тұрып бұтақтарда жұмыс іstemеніz.
- Бұтанақтарды кесу барысында кесілген бұтақ құлап түсіі мүмкін. Пайдаланушы сүрініп кетуі, құлауы және жарақат алуы мүмкін.
 - ▶ Ағашты діңгек түбінен ағаштың ұшар басына қарай кесу.

4.7.3 Ағаш кесу


▲ Сақтандыру

- Тәжірибесіз адамдар ағаш құлаған кездегі қауіпті дұрыс бағаламауы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы және оларға материалдық нұқсан көлтірілуі мүмкін.
 - Кез келген күмән туындаған жағдайда: Өздігінен құлатпау.
- Ағашты құлату кезінде адамның үстіне бұтақтар немесе заттар құлауы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы және оларға материалдық нұқсан көлтірілуі мүмкін.
 - Дестенің бағытын ағаш құлайтын орын бос болатындағы етіп белгілеп алу қажет.
 - Бөгде адамдар, балалар және жануарлар жұмыс аумағының айналасында ағаш ұзындығынан 2,5 м-лік радиуста болмауы тиіс.
 - Ағаш басын кесуді бастар алдында ширатылған немесе құрғақ бұтақтарды алып тастаңыз.
 - Егер ширатылған немесе құрғақ бұтақтарды алып тастау мүмкіндігі болмаса: Ағашты кеспеніз.
 - Көрші түрған ағаштардың ұшар басын бақылау және құлаған бұтақтардан қорғану.
- Ағаш құлағанда діңгек жарылып кетуі және пайдаланушы жаққа қарай ұшып кетуі мүмкін. Пайдаланушы ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - Эвакуация жолын бүйірінен немесе ағаштың артынан жоспарлау.
 - Эвакуация жолы бойынша кері жүру және құлап бара жатқан ағашты бақылау.
 - Үлдімениң төмен қарай кері қайтуға болмайды.

- Жұмыс аймағы мен эвакуация жолындағы кедергілер пайдаланушыға бөгет болуы мүмкін. Пайдаланушы шалынып, құлап кетуі мүмкін. Пайдаланушы ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - Жұмыс аймағындағы және эвакуация жолындағы кедергілерді жою.
- Егер шала жонқалған орын, рүқсат алаңы немесе діңгектің жонқаланбаған бөлігі жонқаланса немесе тым ерте жонқаланып қойса, дестенің бағытын тоқтатуға болмайды немесе ағаш тым ерте құлауы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы және оларға материалдық нұқсан көлтірілуі мүмкін.
 - Шала жонқалған орынды жонқалауға немесе шамадан тыс жонқалауға болмайды.
 - Рүқсат алаңы немесе діңгектің жонқаланбаған бөлігін соғып кезекте жонқалау.
 - Егер ағаш тым ерте құлай бастаса: Негізгі жонқалау орнын бөліп, эвакуация жолына шегіну.
- Егер айналмалы ара шынжыры бағыттаушы шинаның жоғарғы ширегінде қарнақ сыйнасына соқтықса және тез тежелсе, қайтарым болуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - Алюминий немесе пластиктен қарнақ сыйналарын пайдалану.
- Егер ағаш жерге толық құламаса немесе басқа ағашқа ілініп қалса, пайдаланушы ағаш кесуді бақылауда үстай алмайды.
 - Кесуді доғару және жерге жүккарабамен немесе лайықты көлік құралымен тасу.

4.8 Реакция күші

4.8.1 Қайтарым




Қайтарым келесі себептерден пайда болуы мүмкін:

- Егер айналмалы ара шынжыры бағыттаушы шина шыңының жоғарғы ширегінде қатты қарнақ сынасына соқтықса және жылдам тежелсе.
- Егер айналмалы ара шынжыры бағыттаушы шинаның жоғарғы жағында қысылып қалса.

Ара шынжырының тежегіші қайтарып берудің алдын ала алмау мүмкін.


▲ Сақтандыру



- Серпіліс пайда болған жағдайда мотоара пайдаланушы жаққа жоғарыға ойнауы мүмкін. Пайдаланушы мотоараны игере алмай, ауыр жарақат алуы немесе өліп кетуі мүмкін.

- ▶ Мотоараны екі қолыңызбен ұсташа керек.
- ▶ Дененің мотоара айналысының барынша ұзын радиусында болуын болдырмасыз.
- ▶ Осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай жұмыс істеңіз.
- ▶ Бағыттаушы шина шыңының жоғарғы ширек аймағында жұмыс істеуге болмайды.
- ▶ Тек араның шынжыры дұрыс егелген және дұрыс тартылған жағдайда ғана жұмыс істеу қажет.
- ▶ Қайтарымды төмендететін ара шынжырын пайдалану.
- ▶ Мотоараның кішкентай ұшты басы бар бағыттаушы шина бастиегін пайдалану.
- ▶ Толық газ берілген кезде аралаңыз.

4.8.2 Тарту




Бағыттаушы шинаның төменгі панелімен жұмыс барысында, ара шынжыры пайдалануышыдан бөлінеді.

⚠ Сақтандыру

- Егер айналмалы ара шынжыры қатты затқа соқтығып, жылдам тежелсе, пайдаланушы мотоараны күрт қатты итеріп жіберуі мүмкін. Пайдаланушы мотоараны игере алмай, ауыр жарақат алуы немесе өліп кетуі мүмкін.
 - ▶ Мотоараны екі қолыңызбен ұстаяу керек.
 - ▶ Осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай жұмыс істеңіз.
 - ▶ Бағыттаушы шинаны кесікке тұра бағыттау.
 - ▶ Тісті тіректі дұрыс орнату.
 - ▶ Толық газ берілген кезде аралаңыз.

4.8.3 Қайтарым



Егер бағыттаушы шинаның жоғарғы бөлігінде жұмыс істесе, мотоара қолданушыға қарай итеріледі.

⚠ Сақтандыру

- Егер араның айналмалы шынжыры қатты затқа соқтығып, жылдам тежелсе, пайдаланушы мотоараны күрт қатты итеріп жіберуі мүмкін. Пайдаланушы мотоараны игере алмай, ауыр жарақат алуы немесе өліп кетуі мүмкін.
 - ▶ Мотоараны екі қолыңызбен ұстаяу керек.
 - ▶ Осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай жұмыс істеңіз.
 - ▶ Бағыттаушы шинаны кесікке тұра бағыттау.

- ▶ Толық газ берілген кезде аралаңыз.

4.9 Қуаттау

⚠ Сақтандыру

Ток өткізгіш толықтырушы бөлшектермен жанасу келесі себептерге байланысты болуы мүмкін:

- Біріктіруші сым бұзылған.
- Штепсельді айыр бұзылған.
- Розетка дұрыс орнатылмаған.

- Ток өткізгіш толықтырушы бөлшектермен жанасу ток соғы қаупінің себебі болуы мүмкін. Пайдаланушы ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - ▶ Біріктіруші сым мен штепсельді айырдың бұзылмағанына көз жеткізіңіз.
 - ▶ Штепсельді айырды дұрыс орнатылған розеткаға салыңыз.
- Қуаттау барысында дұрыс емес болған желінің кернеуі немесе дұрыс емес болған желінің жиілігі қуаттағыштың артық жүктемесіне себеп болуы мүмкін. Қуаттағыш бұзылуы мүмкін.
 - ▶ Желінің кернеуі мен электр желісінің жиілігі қуаттағыштың паспорттық деректері бар фирмалық тақтайшасына сай келетініне көз жеткізіңіз.
- Қуаттау барысында жарамсыз немесе зақымдалған қуаттағыш әдеттен тыс ііс шығаруы немесе тутіндеуі мүмкін. Адамдар жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Штепсельді айырды розеткадан сұрырыңыз.
- Қуаттағыш жылудың жеткілікісін дәрежеде бұрылмауынан қызып кетіп, өртену себебі болуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Қуаттағышты бұркеменіз.
- Егер розеткаға бір данадан көп қуаттағыш қосылған болса, қуаттау кезінде электрлік сымдарға артық жүктеме түсі мүмкін. Электрлік сымдар қызып кетіп,

тұтану себебі болуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.

- Қуаттағышты розеткаға бөлек түрде қосыныз.
- Қуаттағыш көп ұяшықты розеткаға қосылмауы керек.
- Егер қабырға арқылы электр сымы және құбырлар өтсе, олар қабырғаға қуаттағышты орнатқан кезде зақымдалуы мүмкін. Электр өткізгіш байланысы электр тогымен зақымдауға өкеліп соғуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - Болжамды қондырығының орнында ешқандай құбырлардың өтпейтіндігіне немесе электр сымдарының жоқтығына көз жеткізіңіз.
 - Егер қуаттағыш қабырғаға осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғанға сәйкес құрастырылса, онда қуаттағыш немесе аккумулятордың құлап кетуі мүмкін немесе қуаттағыштың тым ысып кетуі мүмкін. Адамдар жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - Қуаттағышты осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай етіп, қабырғаға орнатыңыз.
 - Егер қуаттағышы қабырғаға орнатылған кіріктірме аккумуляторымен болса, батареяның аккумуляторы жерге түсіу мүмкін. Адамдар жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - Бірінші қуаттағышын қабырғаға орнатыңыз, сосын аккумуляторды енгізіңіз.

4.10 Тасымалдау

4.10.1 Мотоара

▲ Сақтандыру

- Мотоараны тасымалдау кезінде, ол тәңкерілуі немесе жылжып кетуі мүмкін. Адамдар жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.



► Аккумуляторды алып тастаңыз.

► Ара шынжырының тежегішін орнату.

► Шынжырдың қоршауын бағыттаушы шинаның үстімен бағыттаушы шинаны түгел жауып тұратындей етіп жылжыту.

► Мотоараның тәңкерілмейтіндігіне және жылжымайтындығына көз жеткізіп, оны бекітіңіз.

4.10.2 Аккумулятор

▲ Сақтандыру

- Аккумулятор қоршаған ортаның әсерінен қорғалмаған. Егер аккумулятор қоршаған ортаның белгіленген әсерлеріне ұшыраса, онда аккумулятор бұзылуы және бүлініу мүмкін.
 - Жарамсыз аккумуляторды тасымалдамаңыз.
 - Аккумуляторды электр тогын өткізбейтін қаптамада тасымалдау керек.
- Аккумуляторды тасымалдау кезінде, ол тәңкерілуі немесе жылжып кетуі мүмкін. Адамдар жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - Аккумуляторды қаптамаға салғанда, ол жылжымауы керек.
 - Қаптаманың жылжымайтындығына көз жеткізіп, оны бекітіңіз.

4.11 Сақтау шарттары

4.11.1 Мотоара

▲ Сақтандыру

- Балалар мотоараның қауіптілігін түсінбеуі және оған мән бермеуі мүмкін. Балалар ауыр жарақат алуы мүмкін.



- Аккумуляторды алып тастаңыз.

- Ара шынжырының тежегішін орнату.
- Шынжырдың қоршауын бағыттаушы шинаның үстімен бағыттаушы шинаны түгел жауып тұратындағы етіп жылжыту.
- Мотоараны балалардан алшақ жерде сақтаңыз.

■ Мотоарадағы электрлік түйіспелер мен металлды толықтыруши бөлшектер ылғалдың әсерінен тоттануы мүмкін. Мотоара бұзылуы мүмкін.

- Аккумуляторды алып тастаңыз.



- Мотоараны таза және құрғақ күйде сақтаңыз.

4.11.2 Аккумулятор

⚠ Сақтандыру

- Балалар аккумулятордың қауіптілігін түсінбеуі және оған мән бермеуі мүмкін. Балалар ауыр жарақат алуы мүмкін.

- Аккумуляторды балалардан алшақ жерде сақтаңыз.

- Аккумулятор қоршаған ортаниң әсерінен қорғалмаған. Егер аккумулятор қоршаған ортаниң белгіленген әсерлеріне ұшыраса, онда аккумулятор бұзылуы мүмкін.

- Аккумуляторды таза және құрғақ күйде сақтаңыз.

- Аккумуляторды жабық орынжайда сақтаңыз.

- Батареяны мотоарадан және қуаттағыштан алшақ ұстаңыз.

- Аккумуляторды электр тогын өткізбейтін қаптамада тасымалдау керек.

- 10°C және + 50°C температурасының аумағында аккумуляторды сақтаңыз.

4.11.3 Қуаттағыш

⚠ Сақтандыру

- Балалар қуаттағыштың қауіптілігін түсінбеуі және оған мән бермеуі мүмкін. Балалар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.

- Аккумуляторды алып тастаңыз.
- Қуаттағышты балалардан алшақ жерде сақтаңыз.

- Қуаттағыш қоршаған ортаниң әсерінен қорғалмаған. Егер қуаттағыш қоршаған ортаниң белгіленген әсерлеріне ұшырайтын болса, қуаттағыш бұзылуы мүмкін.

- Аккумуляторды алып тастаңыз.
- Егер қуаттағыш жылы болса: Қуаттағышты сұтыныңыз.
- Қуаттағышты таза және құрғақ күйде сақтаңыз.

- Қуаттағышты жабық орынжайда сақтаңыз.

- +5°C және + 40°C температурасының аумағында қуаттағышын сақтаңыз.

- Біріктіруші сым қуаттағышты тасымалдауға және ілуге арналмаған. Біріктіруші сым және қуаттағыш жарамсыз болуы мүмкін.

- Қуаттағышты корпусынан алыңыз немесе ұстаңыз. Қуаттағышты оңай көтеруге арналған тұтқалар қуаттағыштың жағында монтаждалған.

- Қуаттағышты қабырғалық кронштейнге іліңіз.

4.12 Тазалау, қызмет көрсету және жөндеу

⚠ Сақтандыру

- Егер жөндеу, техникалық қызмет көрсету немесе тазарту кезінде аккумулятор салынса, мотоара абайсызда сөндірілу мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілу мүмкін.



- ▶ Аккумуляторды алып тастаңыз.

- ▶ Ара шынжырының тежегішін орнату.
- Күйдіретін тазартқыш құралдар, жоғары қысымды жуғыш немесе өткір заттар мотоараны, бағыттаушы шинаны, ара шынжырын, аккумуляторды және қуаттағышты бүлдіруі мүмкін. Егер мотоара, бағыттаушы шина, шынжыр, аккумулятор немесе қуаттағыш тиісті түрде тазартылмаса, толықтыруышы бөлшектер тиісті түрде жұмыс істей алмайды және қауіпсіздіктің қорғанысы жұмыс істемейді. Адамдар ауыр жарақат алуды мүмкін.
 - ▶ Мотоараны, бағыттаушы шинаны, ара шынжырын, аккумуляторды және қуаттағышты осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай тазалаңыз.
- Егер мотоара, бағыттаушы шина, шынжыр, аккумулятор немесе қуаттағышқа тиісті түрде қызмет көрсетілмесе немесе тиісінше жөндемелесе, толықтыруышы бөлшектер тиісті түрде жұмыс істей алмайды және қауіпсіздіктің қорғанысы жұмыс істемейді. Адамдар ауыр жарақат алуды немесе қайтыс болуды мүмкін.
 - ▶ Мотоараға, аккумуляторға және қуаттағышқа өзіңіз техникалық көрсетпенеңіз және оларды жөндеменеңіз.
 - ▶ Егер мотоараға, аккумуляторға немесе қуаттағышқа техникалық қызмет көрсетілсе немесе олар жөнделсе, онда: STIHL мамандандырылған дилеріне жүгініңіз.
 - ▶ Пайдалану нұсқаулығында сипатталған бойынша бағыттаушы шина мен ара шынжырына күтім жасау және техникалық қызмет көрсету.
- Ара шынжырына күтім жасау немесе техникалық қызмет көрсету кезінде пайдаланушы араның өткір тістерінен жарақат алуды мүмкін. Пайдаланушы жарақат алуды мүмкін.
 - ▶ Төзімді материалдан жасалған жұмыс қолғаптарын киіңіз.

5 Мотоараны пайдалануға дайын күйге келтіріңіз

5.1 Мотоараны пайдалануға дайын күйге келтіріңіз

Жұмыстарды бастамас бұрын келесі қадамдарды орындау керек:

- ▶ Келесі толықтыруышы бөлшектер қауіпсіз күйде екеніне көз жеткізіңіз:
 - Мотоара, 4.6.1.
 - Бағыттаушы шина, 4.6.2.
 - Ара шынжыры, 4.6.3.
 - Аккумулятор, 4.6.4.
 - Қуаттағыш, 4.6.5.
- ▶ Аккумуляторды тексеріңіз, 11.7.
- ▶ Аккумуляторды толығымен қуаттаңыз, 6.1.
- ▶ Мотоараны тазалаңыз, 16.1.
- ▶ Бағыттаушы шина мен ара шынжырын орнату, 7.1.1.
- ▶ Ара шынжырын керу, 7.2.
- ▶ Ара шынжырларына арналған жабысқақ май құйыңыз, 7.3.
- ▶ Ара шынжырының тежегішін тексеру, 11.4.
- ▶ Басқару элементтерін тексеріңіз, 11.5.
- ▶ Шынжырдың майын тексеру, 11.6.
- ▶ Егер келесі қадамдарды орындау мүмкін болмаса: Мотоараны қолданбаңыз және STIHL компаниясының мамандандырылған сату орталығына хабарласыңыз.


6 Аккумуляторды қуаттау және жарық диодтары

6.1 Аккумуляторды қуаттаңыз

Қуаттау уақыты әртүрлі факторларға, мысалы, аккумулятордың температурасына немесе қоршаған ауаның температурасына байланысты болады. Аккумуляторды қуаттаудың нақты уақыты көрсетілген қуаттау уақытынан ерекшеленуі мүмкін. Қуаттау уақыты төменде www.stihl.com/charging-times көрсетілген.

Егер штепсельді айыр розеткаға қосылса және аккумулятор қуаттағышқа орнатылса, қуаттау автоматты түрде басталады. Аккумулятор толығымен қуатталған кезде, қуаттағыш автоматты түрде сөнеді.

Қуаттау барысында аккумулятор мен қуаттағыш қызды.




- Штепсельді айырды (6) бос розеткаға (7) салыңыз. Қуаттағыш (3) өз-өзін диагностикадан өткізеді. Жарық диодтары (4) шамамен 1 секунд бойы жасыл түспен және 1 секунд бойы қызыл түспен жанады.
- Біріктіруші сымды (5) салыңыз.
- Аккумуляторды (2) қуаттағыштың (3) саңылауларына енгізіп, тірелгенге дейін басыңыз. Жарық диоды (4) жасыл түспен жанады. Жарық диодтар (1) жасыл түсімен жанады және аккумулятор (2) зарядталады.

► Егер жарық диоды (4) және жарық диодтары (1) енді жанбаса: Штепсельді айырды (6) розеткадан (7) алып шығарыңыз.

Аккумулятор толығымен қуатталған.

► Аккумуляторды (2) алып тастаңыз.

6.2 Қуаттау күйін көрсету



- Түймені (1) басыңыз. Жарық диодтары шамамен 5 секунд бойы жасыл түспен жанады және қуат күйін көрсетеді.
- Егер оң жақ жарық диоды жасыл түспен жыпылықтаса: Аккумуляторды қуаттаңыз.

6.3 Аккумулятордағы жарық диодтары

Жарық диодтары аккумулятор қуатының және қателіктердің деңгейін көрсете алады. Жарық диодтары жасыл немесе қызыл түспен жануы немесе жыпылықтауы мүмкін.

Егер жарық диодтары жасыл түспен жанса немесе жыпылықтаса, қуаттың қалпы көрінеді.

► Егер жарық диодтары қызыл түспен жанса немесе жыпылықтаса: Ақаулықтарды кетіру, 19. Мотоара немесе аккумуляторінде ақау бар.

6.4 Қуаттағыштағы жарық диоды

Жарық диоды қуаттағыштың күйін көрсетеді.

Егер жарық диоды жасыл түспен жанса, аккумулятор қуат алуда.

- ▶ Егер жарық диоды қызыл түспен жыптылықтаса:
Ақаулықтарды көтіру.
Аккумулятор не қуаттағыш жарамды емес.


7 Мотоараны құрастырыңыз

7.1 Бағыттаушы шинаны және ара шынжырын демонтаж жасау және алу


7.1.1 Бағыттаушы шина мен ара шынжырын орнату

Шынжыр жүлдізшасының астына тіркеуге және іліп қоюға болатын бағыттаушы шиналар мен ара шынжырының араласымы техникалық паспортта көрсетілген, ғ 21.

- ▶ Мотоараны сөндіріңіз, ара шынжырының тежегішін орнатыңыз, аккумуляторды алып шығарыңыз.




- ▶ Сапты (1) көбелек пішінді сомынмен (2) ашу.
- ▶ Көбелек пішінді сомынды (2) шынжыр жүлдізшасының қақпағы (3) шешілмейінше сағат тіліне қарсы айналдыру.
- ▶ Шынжырлы жүлдізшаның қақпағын (3) алып тастаңыз.




- ▶ Керілмелі тегершікті (4) алып тастаңыз.
- ▶ Бұранданы (5) бұрап алыңыз.
- ▶ Бағыттаушыны шинаны (6) керілмелі тегершікке (4) бағыттаушы шина сақылауларына керілмелі тегершіктің (4) екі түйреуіші де сыйындағы етіп орналастыру.

Бағыттаушы шиналар бағыты (6) маңызды емес. Бағыттаушы шиналар мөртабаны алдыңғы бөлігінде де (басында) болуы мүмкін.


- ▶ Бұранданы (5) бұрап, қатайтып бұрап, қатайтып тастаңыз.



- ▶ Ара шынжырын бағыттаушы шиналар құсынына қозғалыс барысында нұсқағыш жоғарғы бетте ара шынжырының жалғағыш компоненттеріне нұскап тұратындағы етіп тесеу керек.
- ▶ Керілмелі тегершікті (4) сағат тілінің бағыты бойынша тірелгенше бұраңыз.



- ▶ Керілмелі тегершігі мен ара шынжыры бар бағыттаушы шиналарды мотоараға келесі шарттар орындалатында етіп орнату:
 - Керілмелі тегершік (4) пайдаланушының бағытын көрсетеді.
 - Ара шынжырының жетекші буындары шынжыр жүлдyzша тістерінің (2) арасында орналасқан.
 - Бұрама бастиегі (3) бағыттаушы шинаның (6) бойлық саңылауында орналасқан.



- ▶ Ара шынжырының тежегішін босатыңыз.
- ▶ Керілмелі тегершікті (4) ара шынжыры бағыттаушы шинаға жанасып түрмайынша сағат тіліне қарсы бұрай беру қажет. Бұл кезде ара шынжырының жетекші буындары бағыттаушы шина қуысына баруы тиіс. Бағыттаушы шина мен ара шынжыры мотоараға жанасып тұрады.
- ▶ Шынжыр жүлдyzша қақпағын мотоараға бір-біріне жанасып тұратында етіп тіркеу қажет.

► Егер шынжыр жүлдyzшаның қақпағы мотоарамен бір жазықтықта болмаса: Керіп кигізілетін дәңгелекті айналдыру және шынжыр жүлдyzшаның қақпағына қайта тіркеу. Керіп кигізілетін жүлдyzшалардың тістері керілмелі тегершіктің тістерімен сай келуі тиіс.

► Көбелек пішінді сомынды шынжыр жүлдyzшаның қақпағы мотоараға тығыз кигізілмейінше сағат тілімен айналдыру.

► Көбелек пішінді сомынның сабын жабыңыз.

7.1.2 Бағыттаушы шинаны және ара шынжырын демонтаж жасау

► Мотоараны сөндіріңіз, ара шынжырының тежегішін орнатыңыз, аккумуляторды алып шығарыңыз.

► Сапты көбелек пішінді сомынмен ашу.

► Көбелек пішінді сомынды шынжыр жүлдyzшасының қақпағы шешілмейінше сағат тіліне қарсы айналдыру.

► Шынжырлы жүлдyzшаның қақпағын алып тастаңыз.

► Керілмелі тегершікті сағат тілінің бағыты бойынша тірелгенше бұраңыз.

Ара шынжыры ажыратылды.

► Бағыттаушы шина мен ара шынжырын алып тастаңыз.


► Керілмелі тегершік бұрамасын сұрып алу.

► Керілмелі тегершікті алып тастаңыз.

7.2 Ара шынжырын керу

Жұмыс барысында ара шынжыры созылуы немесе жиырылуы мүмкін. Ара шынжырының кернеуі өзгереді. Жұмыс барысында ара шынжырының кернеуін тұрақты тексеру және қажетінше тартып отыру қажет.

► Мотоараны сөндіріңіз, ара шынжырының тежегішін орнатыңыз, аккумуляторды алып шығарыңыз.




- ▶ Сапты көбелек пішінді сомынмен (1) ашу.
- ▶ Көбелек пішінді сомынды (1) 2 сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
- Көбелек пішінді сомын (1) босатылған.
- ▶ Ара шынжырының тежегішін босатыңыз.
- ▶ Бағыттаушы шинаны шетінен тартыңыз және керіп кигізілетін дәңгелекті (2) сағат тілі бағыты бойынша келесі шарттар орындалғанша бұраңыз.
 - Ара шынжыры бағыттаушы шинаның төменгі жазықтығына тығыз жанасып тұрады.
 - Ара шынжырын сәл күш салу арқылы екі саусақтың көмегімен бағыттаушы шинаның үстімен тартуға болады.
- ▶ Carving бағыттаушы шинасын қолдану кезінде: Керіп кигізілетін дәңгелекті (2) ара шынжырының жетекші бұындары бағыттаушы шинасының төменгі жағында жартылай көрінбейінше, сағат тілімен айналдыру.
- ▶ Егер ара шынжырын бағыттаушы шинаның үстімен әрі қарай тарту мүмкін болмаса: Ара шынжырын сәл күш салу арқылы екі саусақтың көмегімен бағыттаушы шинаның үстімен тарту кезінде керіп кигізілетін дәңгелекті (2) сағат тіліне қарсы айналдыру.
- ▶ Көбелек пішінді сомынды (1) шынжыр жұлдызшаның қақпағы мотоараға тығыз кигізілмейінше сағат тілімен айналдыру.
- ▶ Көбелек пішінді сомынның сабын (1) жабыңыз.


7.3 Ара шынжырына арналған жабысқақ май құйынызы

Жабысқақ май жұмыс істеп түрған ара шынжырын майлау және сұыту үшін арналған.

- ▶ Мотоараны сөндіріңіз, ара шынжырының тежегішін орнатыңыз, аккумуляторды алып шығарыңыз.
- ▶ Мотоараны біркелкі жазықтықа май багының бітеуішін жоғары қарап тұратындей етіп қою.
- ▶ Май багы бітеуішінің айналасын дымқыл майлышпен тазарту.



- ▶ Май багы бітеуішін май багынан бітеуішті шығарып алуға болмайынша сағат тіліне қарсы бұрау.
- ▶ Май багының бітеуішін сұырып алу.
- ▶ Ара шынжырына арналған жабысқақ майды бактың шетіне төкпей және асырып алмайтындей етіп қую.



- ▶ Бітеуішті май багына қою.


- Май багының қақпағын сағат тілінің бағыты бойынша айналдырыңыз және қолмен бұрап тартыңыз.
Май багы жабық.

8 Ара шынжырының тежегішін орнатыңыз және жіберіңіз

8.1 Ара шынжырының тежегішін орнату


Мотоара ара шынжырының тежегішімен жабдықталған.

Ара шынжырының тежегіші қолды қорғауға арналған құралдан серпін бойынша қатты серпу кезінде автоматтый түрде қосылады және пайдаланушы тарапынан да қосылуы мүмкін.



- Сол қолмен басу және саптан қолды қорғауға арналған құрылғыны алып тастау.
Қолды қорғауға арналған құрылғы өзіне тән дыбыспен бекітіледі. Ара шынжырының тежегіші қосулы.

8.2 Ара шынжырының тежегішін босатыңыз




- Қолды қорғауға арналған құрылғыны сол қолмен өзіне тарту.
Қолды қорғауға арналған құрылғы өзіне тән дыбыспен бекітіледі. Ара шынжырының тежегіші түсірулі.

9 Аккумуляторды салу және алу

9.1 Аккумуляторды салыңыз

- Ара шынжырының тежегішін орнату.




- «Сарт» еткен дыбыс естілмейінше, аккумуляторды (1) аккумулятор шахтасына (2) қысып тұрыңыз.
Аккумулятордағы (1) нұсқарлар (3) әлі де болса көрінеді және аккумулятор (1) аккумулятор шахтасында (2) бекітілген. Мотоара мен аккумулятор (1) арасында электрлік түйіспе жоқ.

- Аккумуляторды (1) «сарт» еткен дыбыс естілмейінгे аккумулятор шахтасына (2) салыңыз.
Аккумулятор (1) екінші рет «сарт» еткен дыбыс естілгенде бекітіледі және мотоараның шанағымен тегіс жабылады.

9.2 Аккумуляторды алып шығару

- Мотоараны тегіс қабатқа орнатыңыз.




- Тоқтатқыш інтилекке (1) басыңыз.
Аккумулятор (2) босатылды және алып шығарылуы мүмкін.

10 Мотоараны қосыңыз және сөндіріңіз

10.1 Мотоараны қосу

- Ара шынжырының тежегішін босатыңыз.



- Бас бармақ жетектің сабын қамтитын болатында, мотоараны басқару сабының қармау аймағында (1) оң қолмен ұстаңыз.
- Тоқтатқыш түймешікті (2) саусақпен басыңыз және ұстап тұрыңыз.
- Қайта қосқыш інтилекті (3) бас бармақпен басыңыз және ұстап тұрыңыз.
Мотоарасы оталады, және ағаш тілетін тізбек қозғалысқа келеді.
- Мотоараны қолыңызбен түтікті саптан сол қолмен ұстағанда, бас бармақ түтікті салты қамтуы тиіс.

10.2 Мотоараны сөндіру


- Қайта қосқыштың інтилекті және тоқтатқыш түймешікті жіберіңіз.
Ара шынжыры енді қозғалмайды.
- Егер ара шынжыры қозғалуын жалғастыра береді: Ара шынжырының тежегішін орнатыңыз, аккумуляторды алып шығарыңыз және STIHL мамандандырылған дилеріне жүгініңіз.
Мотоара жарамсыз.

11 Мотоара мен аккумуляторды тексеріңіз

11.1 Шынжыр жұлдызшасын тексеру

- Мотоараны сөндіріңіз, ара шынжырының тежегішін орнатыңыз, аккумуляторды алып шығарыңыз.


- Ара шынжырының тежегішін босатыңыз.
- Шынжырлы жұлдызшаның қақпағына демонтаж жасау.
- Бағыттаушы шинаны және ара шынжырын демонтаж жасау.



- STIHL бақылау үлгісінің көмегімен шынжыр жұлдызшадағы ізді тексеру.
- Егер із $a = 0,5$ мм-ден терен болса: Мотоараны қолданбаңыз және STIHL компаниясының мамандандырылған сату орталығына хабарласыңыз. Шынжыр жұлдызшаны ауыстыру қажет.

11.2 Бағыттаушы шинаны тексеру


- Мотоараны сөндіріңіз, ара шынжырының тежегішін орнатыңыз, аккумуляторды алып шығарыңыз.
- Бағыттаушы шинаны және ара шынжырын демонтаж жасау.




- STIHL егей шаблонында өлшеуіш сыйфыштың көмегімен бағыттаушы шина қуысының терендігін өлшеу.
- Егер келесі шарттардың біреуі орындалған болса, бағыттаушы шинаны ауыстыру:
 - Бағыттаушы шина бұзылған.
 - Қуыстың өлшенген терендігі бағыттаушы шина науасының ең аз терендігінен төмен, 20.3.
 - Бағыттаушы шинаның қуысы тарылды немесе созылды.
- Кез келген күмән туындаған жағдайда: STIHL мамандандырылған дилеріне жүгініңіз.

11.3 Ара шынжырын тексеру

- Мотоараны сөндіріңіз, ара шынжырының тежегішін орнатыңыз, аккумуляторды алып шығарыңыз.



- Кесу терендігін шектегіш (1) биіктігін STIHL (2) егей шаблонының көмегімен өлшеу. STIHL егей шаблоны ара шынжырының бөлігімен сай келуі тиіс.
- Егер кесу терендігін шектегіш (1) егей шаблонының (2) шенберінен шықса: Кесу терендігін шектегішті егей (1), 17.2.



- ▶ Кескіш тістеріндегі тозық белгісі (1-ден 4-ке дейін) көрініп түр ма, тексеру.
- ▶ Егер кескіш тістерінде белгі көрінбесе: Ара шынжырының қолданбаңыз және STIHL компаниясының мамандандырылған сату орталығына хабарласыңыз.
- ▶ STIHL егер шаблоны арқылы кескіш тістің егер бұрышы 30° құрайтынына көз жеткізіңіз. STIHL егер шаблоны ара шынжырының бөлігімен сай келуі тиіс.
- ▶ Егер егер бұрышы 30° шартын сақтамаса: Ара шынжырын қайрау.
- ▶ Кез келген күмән туындаған жағдайда: STIHL мамандандырылған дилеріне жүргініңіз.

11.4 Ара шынжырының тежегішін тексеру

- ▶ Ара шынжырының тежегішін орнатыңыз, аккумуляторды алып шығарыңыз.



Сақтандыру

Ара шынжырының кескіш тістері өткір. Пайдаланушы жарақат алуы мүмкін.

- ▶ Тәзімді материалдан жасалған жұмыс қолғаптарын киіңіз.
- ▶ Ара шынжырын бағыттаушы шинаның үстімен қолдан тартып көріңіз.

Егер ара шынжырын бағыттаушы шинаның үстімен қолдан тарту мүмкін болмаса, ара шынжырының тежегіші істен шықкан.

- ▶ Егер ара шынжырын бағыттаушы шина үстімен қолдан тарту мүмкін болса: Мотоараны қолданбаңыз және STIHL компаниясының мамандандырылған сату орталығына хабарласыңыз.
Ара шынжырының тежегіші жарамсыз.

11.5 Басқару элементтерін тексеріңіз

Тоқтатқыш түймешік және қайта қосқыш інтірек

- ▶ Ара шынжырының тежегішін орнатыңыз, аккумуляторды алып шығарыңыз.
- ▶ Бұғаттаудың түймесіне баспай, қайта қосқыш інтірекіне басыңыз.
- ▶ Егер қайта қосқыштың інтірекі басылса: STIHL мамандандырылған дилеріне жүргініңіз.
Тоқтатқыш түймеші жарамсыз.
- ▶ Тоқтатқыш түймешікті басыңыз және ұстап тұрыңыз.
- ▶ Қайта қосқыш інтіректі басыңыз және босатыңыз.
- ▶ Егер қайта қосқыш інтіректің қозғалысы қынданылса немесе ол бастапқы күйге оралмаса: Мотоараны қолданбаңыз және STIHL компаниясының мамандандырылған сату орталығына хабарласыңыз.
Қайта қосқыш інтірек жарамды емес.

Мотоараны қосу

- ▶ Аккумуляторды салыңыз.
- ▶ Ара шынжырының тежегішін босатыңыз.
- ▶ Тоқтатқыш түймешікті басыңыз және ұстап тұрыңыз.
- ▶ Қайта қосқыш інтіректі басыңыз және ұстап тұрыңыз.
Ара шынжырының айналады.
- ▶ Қайта қосқыш інтіректі жіберіңіз.
Ара шынжыры енді қозғалмайды.
- ▶ Егер ара шынжыры қозғалуын жалғастыра береді: Ара шынжырының тежегішін орнатыңыз, аккумуляторды алып шығарыңыз және STIHL мамандандырылған дилеріне жүргініңіз.
Мотоара жарамсыз.

11.6 Шынжырдың майын тексеру

- Аккумуляторды салыңыз.
 - Ара шынжырының тежегішін босатыңыз.
 - Бағыттаушы шина жарық беткейге бағыттая.
 - Мотоараны қосу.
- Ара шынжырына арналған жабысқақ май шашырайды және жарық беткейде көрініп тұрады. Шынжырды майлауға арналған май қызмет етеді.

Егер ара шынжырына арналған жабысқақ майдың шашырандысы білінбесе:


- Ара шынжырларына арналған жабысқақ май құйыңыз.
- Шынжырдың майын қайта тексеру.
- Егер ара шынжырына арналған жабысқақ май жарық беткейде әлі де білінбесе: Мотоараны қолданбаңыз және STIHL компаниясының мамандандырылған сату орталығына хабарласыңыз. Шынжырдың майы жарамсыз.

11.7 Аккумуляторды тексеріңіз

- Аккумулятордағы түймені басыңыз.
Жарық диодтары жанады немесе жыпылықтайты.
- Егер жарық диодтары жанбаса немесе жыпылықтамаса: Аккумуляторды қолданбаңыз және STIHL компаниясының мамандандырылған сату орталығына хабарласыңыз.
Аккумулятордың ақаулығы бар.

12 Мотоарамен жұмыс істеңіз

12.1 Мотоараны қалай ұстай және қалай жүргізу қажет




- Сол қол бармақтары ұстай сабын толығымен ұстай алатындей, ал оң қол бармақтары жетек сабын ұстай алатын болатындей, мотоараның жетек сабынын сол қолмен және мотоараның жетек сабының қармау аймағында (1) оң қолымен ұстаныз.

12.2 Арапап кесу

! Сақтандыру


Серпіліс пайда болған жағдайда мотоара пайдаланушы жаққа жоғарыға ойнауы мүмкін. Пайдаланушы ауыр жаракат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.

- Толық газ берілген кезде арапаңыз.
- Жоғарғы ширектің айналасын бағыттаушы шина жүзімен араплауға болмайды.
- Бағыттаушы шинаны кесікке қатты істеп тұрғанда бағыттаушы шина қисаймайтындей етіп енгізу.




- Тісті тіректі орнату және оны айналу нүктесі ретінде қабылдау.
- Бағыттаушы шинаны тісті тіректі тұрақты іске қосу үшін, сүректің бүкіл аймағына түгелдей жүргізіп өту қажет.
- Жонқалауды аяқтарда барлық мотоара салмағын қосып алу қажет.

12.3 Бұтақтарды аралап кесу



- Мотоараны діңгекке сүйеп қойыңыз.
- Бағыттаушы шинаны бұтаққа ілгерілмелі қозғалыспен қысыңыз.
- Бұтақты бағыттаушы шинаның жоғарғы бөлігімен жонқалаңыз.




- Егер бұтаққа кернеу түссе: Күш түскен бағытта жұқа кесік (1) жасау және тартып түрған жақтан аралай (2).

12.4 Ағаш кесу

12.4.1 Құлау бағытын және аулақ кету жолын анықтау


- Дестенің бағытын ағаш құлайтын орын бос болатындағы етіп белгілеп алу қажет.



- Аулақ кету жолын (B) келесі шарттар орындалатындағы етіп орнатыңыз:
 - Нұсқағыш түріндегі аулақ кету жолы (B) дестенің бағытына (A) қатысты 45° бұрышты құрауы тиіс.
 - Аулақ кету жолында (B) ешбір кедергі болмауы тиіс.
 - Ағаштың ұшар басын бақылауға болады.
 - Егер аулақ кету жолы (B) ылдиді болса, онда ол ылдига параллель болуы тиіс.

12.4.2 Ағаш деңгегінің жаңындағы жұмыс аумағын дайындау


- Діңгектегі жұмыс аймағындағы барлық кедергілерді алып тастау.
- Діңгектен өсімдіктерді алып тастау.



- Егер діңгекте үлкен, сау тамыр түптері болса: Тамыр түптерін алдымен тік, сосын көлденең жоңқалау, сосын алып тастау.


12.4.3 Жоңқалау орнын дайындау

Жоңқалау орны ағаш құлайтын орын бағытына қарай орындалады. Атамыш елдегі ағаш жоңқалау бойынша талаптарды орындау қажет.



- Мотоараны жоңқалау дестенің бағытына қатысты оң жақ бұрышта орындалатындей, ал мотоара жерге барынша жақын орналасатындей етіп орналастыру.
- Көлденең кесуді орындау.


- Ағашты жоғарғы жақ қиғаш жоңқалауды көлденең кесікке 45° бұрышта орындау.



- Егер ағаш сау өрі үзын талшықты болса: Жұқа сүрек қабаттің кесінділерін келесі шарттар орындалатындей етіп арамен кесіңіз:
 - Жұқа сүрек қабатын екі жағынан бірдей жоңқалау.
 - Жұқа сүрек қабатын жоңқалау орнының негізінің биіктігімен кесу.
 - Жұқа сүрек қабатының кесігі ені бойынша діңгектің $1/10$ диаметріне тең.

Діңгек ағаш құлаған кезде жұлдынбайды.

12.4.4 Арамен кесіп түсіруге дайындалу



C Жоңқалау орны

Жоңқалау орны ағаштың дестенің бағытын анықтайды.

D Шала жонқаланған орын

Шала жонқаланған орын ағаштың топса түрінде құлау бағытын анықтайды. Шала жонқаланған орын ағаш діңінің енінен 1/10 құрайды.

E Негізгі жонқалау орны

Негізгі аралau орнының (E) көмегімен діңгек кесілді.

F Қауіпсіздік белдігі


Қорғаныш қайысы ағашты тіреп тұрады және оны мерзімінен бұрын құлап кетуден қорғайды. Қауіпсіздік белдігінің ені діңгектің 1/10-нан 1/5-ке дейінгі диаметрін құрайды.

G Діңгектің жонқаланбаған белігі

Діңгектің жонқаланбаған белігі ағашты тіреп тұрады және оны мерзімінен бұрын құлап кетуден қорғайды. Діңгектің жонқаланбаған белігі ені бойынша діңгектің 1/10-нан 1/5-ке дейінгі диаметріне тең.

12.4.5 Ойып кесу

Тесу өдісімен жонқалау – ағашты құлату кезіндегі міндетті технология.




- ▶ Бағыттаушы шинаны ұшының кері жағының көмегімен толық газбен іске қосыңыз.
- ▶ Бағыттаушы шина екі еселі ен бойынша діңгекке кірген сәтке дейін кесу қажет.
- ▶ Шинаны ойып кесу жайғасымына бұрыңыз.
- ▶ Бағыттаушы шинаны қою.

12.4.6 Сай келетін негізгі аралau орнын таңдаңыз

Тиісті кесікті таңдау келесі талаптарға байланысты:

- ағаштың табиғи еңісі
- ағаштың бұтақтануы
- Ағаштағы зақымдар
- ағаштың күйі
- егер ағашта қар болса: қардың ауырлығы
- ылдидың бағыты
- желдің бағыты мен жылдамдығы
- жақын маңда орналасқан ағаштар

Осы шарттардың әр түрі арасында айырмашылық бар. Пайдалану нұсқаулығында тек 2 құбылыс сипатталған.



1 Стандартты ағаш

Стандартты ағаш тік түр және біркелкі орналасқан ұшар басы бар.


2 Құлайтын бағытта орналасқан ортасы ауыр түсіңкі ағаш

Түсіңкі ағаш бүгіліп түр және оның ұшар басы дестенің бағытына қарай бағытталған.


12.4.7 Стандартты ағаштың құлауы діңгектің аз диаметрінде

Стандартты ағаш негізгі жонқалау мен қауіпсіздік белдігінің көмегімен құлатылады. Егер де діңгектің диаметрі мотоараның нақты кесу ұзындығынан кем болса, осындаи негізгі аралau орнын жасаңыз.

- Ескерту белгісін беру.



- Бағыттаушы шинаны негізгі жонқалау орнына екінші жағынан көрініп түрмайынша кесу, 12.4.5.
- Тісті тіректі шала жонқаланған орынға қою және оны айналу нүктесі ретінде қабылдау.
- Негізгі жонқалау орнын шала жонқаланған орын бағытында ұйымдастыру.
- Негізгі жонқалау орнын рұқсат алаңдарының бағытында ұйымдастыру.




► Ағаш құлататын сына орнату. Ағаш құлататын сына діңгектің диаметріне және негізгі жонқалау орнының еніне сай келуі тиіс.

- Ескерту белгісін беру.
- Рұқсат алаңын ұзартылған түтікті саппен сыртынан және негізгі жонқалау орнының жазықтығында көлденең бөлу.
Ағаш құлайды.

12.4.8 Стандартты ағашты құлату діңгектің үлкен диаметрінде


